

Қалиев А.Қ., Қортабаева Г.Қ
**Қазіргі түрік тіліндегі
кірме сөздер**

Қай халық та көршілес халықтармен экономикалық, әдеби және мәдени қарым-қатынаста өмір сүреді. Сол себепті басқа тілге сөз беруі және басқа тілден сөз алуы да мүмкін. Түрік тілі де алғашында араб, парсы тілдерінен көптеген сөздер алды. Араб, парсы тілдерінің тек лексикасы емес, грамматикасы да түрік тіліне өз әсерін тигізбей қоймады. Нәтижесінде үш тіл аралас қолданыла бастады. Кейіннен француз тілінен көптеген сөздер, әсіресе терминдер ене бастады. Біздің мақаламызда осы мәселе қарастырылады.

Түйін сөздер: кірме сөз, шет тілінен енген сөздер, терминдер, кәсіби сөздер.

Kaliyev A.K., Kortabaeava G.K.
**Loan words in
Turkish language**

As a result of economic and cultural relations in a given language appears borrowed words. Also in Turkish language was originally used words borrowed from Arabic and Persian, and later with the French language. This article reviews the loan words and their assimilation and lexical-semantic classification of Arabic, Persian and French borrowings in Turkish.

Key words: loan words, foreign words, terms, professional words.

Калиев А.К., Кортабаева Г.К
**Заемствованные слова
в турецком языке**

В результате экономических и межкультурных отношений в том или ином языке проявляются заимствованные слова. И в турецком языке изначально использовались слова, заимствованные с арабского и персидского языков, позже с французского языка. В статье рассматриваются заимствованные слова и их усвоение, а также лексико-семантическая классификация арабских, персидских и французских заимствований в турецком языке.

Ключевые слова: заимствованные слова, иностранные слова, термины, профессиональные слова.

ҚАЗІРГІ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР

Тілдердің қай-қайсысы болмасын ішкі мүмкіндік арқылы, ішкі өзгеріс арқылы баюмен, толығымен қатар, басқа тілдерден сөз алу арқылы да сөз байлығын арттырады, дамиды, көршілес ел немесе көршілес ел арқылы басқа елдің мәдениетінен сусындайды. Бұны тілдің сыртқы әсердің көмегімен өзгеруі мен дамуы (*dış değişme ve gelişme*) дейміз.

Түркі тілдеріндегі кірме сөздер саны Орхон-Енисей ескерткіштерінде 1 %-ға (басым көпшілігі қытай тілінен), Ұйғыр дәуірі ескерткіштерінде 2 % бен 5 %-дың арасы, кейде 12 %-ға дейін (санскрит, қытай, соғды тілдерінен) жуықтайды.

Қараханидтер мемлекеті дәуірінде, яғни XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты шығармасындағы шет тілден енген сөздер саны 1.9 % болса, бұл шығармадан 150-200 жыл кейін жарияланған Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде 20% - 26% аралығында болған. [1, 126-127 б.].

Қазіргі түрік халқы Кіші Азияға қоныс аударған кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихтарын тілінің дамуы жағынан үш кезеңге бөліп қарастырады. Олар: Көне Анадолы түрік тілі, Осман түрік тілі және қазіргі түрік тілі. Көне Анадолы түрік тілі XIII-XV ғасырларды қамтыса, Осман түрік тілі XV ғасырдың соңында қалыптасып, өз дамуының шырқау биігіне көтеріліп, XX ғасырдың басына (1908 ж.) дейін жалғасын тапқан түрік әдеби тілі. Бұдан кейін түрік тілінің жаңа кезеңі басталады.

Осман түрік тілі әр түрлі кезеңдерді басынан өткерді. Тілдің кейбір формалары уақыт ағымына орай ішкі даму мен өзгеріске ұшырап, жаңа қосымшаларға немесе жаңа сөз тұлғаларына орын бергенімен, осман түрік тілі кезеңінде де тіл өзінің жалғамалылық қызметінен айырылған емес. Бірақ сыртқы күштердің әсерінен Осман түрік тілі кезеңінде тілдің сөздік құрамында үлкен өзгерістердің пайда болғаны белгілі.

Осман түрік тілі де шартты түрде үш кезеңді қамтиды. [2, 16-22 б.]. Алғашқы кезең XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың соңғы ширегіне дейінгі уақытты қамтиды. Бұл – Осман сұлтандары өмір сүрген сарай тіршілігінің өздері үшін барлық білім мен мәдениеттің қайнар көзі саналған араб-парсы мәдениеті мен әдебиетіне еліктеуі, олардан үлгі алуы, ол тілдерді жетік меңгере бастауы салдарынан араб-парсы элементтерінің түрік тіліне енді-енді ене бастаған кезеңі еді.

Бірақ түрік тілінің негізгі сөздік құрамы әлі де басқа тіл элементтерінен басым болатын.

ХҮІ ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың алғашқы жартысын қамтитын екінші кезеңде түрік тілі аралас тіл болудың шарықтау шегіне жетіп, араб-парсы сөздерімен, сөз тіркестерімен мейлінше шұбарланды. Лексикалық жағынан да аталған шығыс тілдерінің сөздік қоры басымдық танытты. Бұл тіл тек оқығандардың, ақсүйектердің тілі болды. Таза түрік тілінде сөйлейтін қарапайым халық түсінбейтін тілге айналды. Сондықтан да бұл тілге Осман түрік тілі (*Osmanlıca*) аты берілді. Қазірдің өзінде Осман түрік тілі туралы сөз бола қалса, көбіне *karma dil*, *karişik dil* «аралас тіл» тіркесі қолданылады.

Үшінші кезең XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейін жалғасты. Яғни Танзимат кезеңінен (*Tanzimat – 1839 жылы Сұлтан Абдулмәжит кезеңінде жасалған саяси реформа және оның жүзеге асу кезеңі*) басталып Конституциялық басқару жүйесіне (*Meşrutiyet Dönemi*) дейінгі уақытты (1908 ж.) қамтиды. Бұл кезеңде тілдегі кірме сөздердің қолданылуы сиреп, ол 1923 жылға, яғни Түркия Республикасы құрылғанға (*Cumhuriyet Dönemi*) дейін жалғасты.

Араб-парсы тілдері лексикасының, грамматикалық формаларының жұмсалуы бәсеңдеген кездің өзінде, яғни 1903 жылы Парижде Абдуллаһ Джевдет, Абдулхалим Мемдух және Яхия Кемал үшеуі бір кездескенде бір сөйлемді үш түрлі құрады. Бірінші Абдуллаһ Джевдет: *İsterim ölmek deragüş eyleyüb bir makberi*. Абдулхалим Мемдух: *Bir kadri deragüş ederek isterim ölmek*. Ал талантты ақын Яхия Кемал бұл сөйлемді: *Bir kabri ben kucaklıyarak ölmek isterim*. (қаз.: Бір қабірді менің құшақтап өлгім келеді.). [3, 64 б.].

Ең дұрыс құрылғаны да соңғы варианты. Берілген мысалдардан байқалғандай, араб-парсы тілдерінің лексикасымен, грамматикалық құрылысымен сусындаған зиялылардың сөйлем құрылысында бірізділік байқалмайды. Бұл-сол уақытта өмір сүрген барлық зиялы қауымға тән шешімін табуы қиын мәселе болатын.

Сонымен Осман түрік тілін халық тілінен айыратын негізгі ерекшеліктер:

Жалпы халықтық лексикада жоқ *kamer / ay* «ай», *şems / güneş* «күн», *leyl / gece* «түн», *şeb / gece* «түн», *nehar / gündüz* «күндіз», *hurşid / gündüz* «күндіз», *ruz / gündüz* «күндіз» сияқты мағынасы жағынан бір-бірін қайталайтын мезгіл атауларымен қатар *dest / el* «қол», *muу / kıl* «кыл, түк», *çeşm / göz* «көз», *dendan / diş* «тіс», *ruh / yanak* «жақ, бет», *ebr / kaş* «қас» сияқты соматикалық атаулар да поэзия мен проза тілінде орын алды.

Бұл сөздердің шет тілінен енген алғашқы варианттары (сол кезеңде) жиі қолданылды.

Араб-парсы тілдерінің грамматикалық қағидаларына сай құрылған сөз тіркестері тілдің сөздік құрамынан орын алды: *gül ü bülbül / gül ve bülbül* «гүл мен бұлбұл», *arabiyyü'l-asl / Arab asıllı* «араб тектес», *ferhunde-ahter / uğurlu yıldız* «бақыт жұлдызы», *ayine-i can / can aynası* «жан айнасы», *ehl-i küfr / küfür sahibi* «кәпір».

Осман түрік тілі кезеңінде түрік халқының зиялы қауымы ғылым тілі ретінде араб, 1839 жылғы Танзимат реформасынан кейін француз, ал көркем әдебиет тілі ретінде парсы тілін пайдаланған. Сондықтан да ғылыми салалық терминдер ең аз дегенде екі вариантта жұмсалады. Бұрын *iktisat (араб)* термині жұмсалса, кейіннен *ekonomi (француз)* термині оған синоним ретінде қолданыла бастады.

Сол сияқты қазірдің өзінде жарыса жұмсалып жүрген *fail / özne* «бастауыш», *fil / yüklem* «баяндауыш», *zarf fil / ulaç* «көсемше», *sıfat fil / ortaç* «есімше» сияқты терминдердің бірінші сыңары араб тілінен алынған болса, екінші сыңарлары түріктің төл сөздерінен жасалған олардың баламалары.

Қазіргі түрік тілі синонимдерге өте бай. Өйткені түрік тілінің төл сөздерімен қатар сол мағынаны дәл беретін араб, парсы тіліндегі баламалары да жұмсалады. Бұл – Осман түрік тілінің қазіргі түрік тіліне қалдырған мұрасы десек те болады. Өйткені түрік тілінде бір сөздің түрікшесімен қатар арабшасы (*ara / teneffüs* «үзіліс»; *bunalım / buhran* «дағдарыс»; *ad / isim* «зат есім»; *önad / sıfat* «сын есім»; *adıl / zamir* «есімдік»; *belirteç / zarf* «үстеу»; *eylem / fil* «етістік»; *bağlaç / edat* «шылау»), түрікшесімен қатар парсышасы (*baba / peder* «әке»; *anne / mader* «шеше»; *soğan / piyaz* «пияз»; *ak / beyaz* «ақ»; *kara / siyah* «қара», *pınar / çeşme* «бұлақ»), кейде түрікшесімен қатар әрі арабшасы, әрі парсышасы (*T. baş / Ar. kafa / Far.kelle* «бас»), кейде араб тілінен енген сөздер (*maskara / rezil* «масқара») бір-біріне синоним ретінде қолданылады. Бұл туралы түрік тілінде мынандай күлкілі әңгіме бар:

Бір адам жоғардан түсіп келе жатып, шығып бара жатқан жолдасына: *-Eyne ?... Güca?... Kançerü?... (Қайда?)* – дейді. Анау болса мүдірместен:

-Fevka... Bala... Yukarı... (Жоғарға) – депті.

Бұл әңгіменің алғашқы жолындағы үш сөз де «қайда?» деген сұрау есімдігі болса, екінші сөйлемнің үш сөзі де оның «жоғарға» деген жауабы. Бірінші сыңарлары арабша (*Eyne?...*

Fevka...), екінші сыңарлары парсыша (*Güca?... Bala...*), үшінші сыңарлары түрікше (*Kançerü?... Yukarı...*).[3, 249 б.].

Әсіресе тілдегі түбір етістіктердің орнына араб және парсы тілдерінен түбір сөздер еніп, оларға түрік тіліндегі *etmek* (ету), *olmak* (болу) сияқты көмекші етістіктердің көмегімен бірнеше жүздеген күрделі етістіктер жасалған. Бұндай формадағы сөздерге қазіргі түрік тілінде *şeddeli kelimeler* (*şedde* – араб әліпбиінде бір дауыссыздың екі рет қайталанып оқылатынын көрсететін белгі) дейді. Олар – мыналар: *ad* < *addetmek* < араб.: *add*+ түрік.: *etmek* («есептеу, ойлау, санау»), *af* (араб.: кешірім, амнистия) < *affetmek* < араб.: *aff*+ түрік.: *etmek* (кешіру, кешірім беру), *his* (араб. сезім) < *hissetmek* < араб.: *hiss*+ түрік.: *etmek* (сезу, сезіну, аңғару, байқау), *mas* < *massetmek* < араб.: *mass*+ түрік.: *etmek* (ему, ішіне алу), *ret* < *reddetmek* < араб.: *redd*+ түрік.: *etmek* (қабыл алмау, қабылдамау), *şak* < *şakketmek* < араб.: *şakk*+ түрік.: *etmek* (жару, бөлу, бөліп тастау), *zam* (араб.: қосымша, үстеме) < *zammetmek* < араб.: *zamm*+ түрік.: *etmek* (қосу, үстеу), *zan* (араб.: пікір, көзқарас) < *zannetmek* < араб.: *zann* + түрік.: *etmek* (ойлау, есептеу, санау), *zem* < *zemmetmek* < араб.: *zemm*+ түрік.: *etmek* (жазғыру, сөгу), *bahsetmek* < араб. *bahs*+ түрік. *etmek* (айту, пікірін білдіру, сөз сөйлеу, баяндау, әңгімелесу) және т.б.

Түсініктілеу болу үшін арабша және түрікше біріккен күрделі етістікті, түрікшесін қазақша баламасын қатарымен былайша көрсетуге болады: *addetmek* / *saymak* «есептеу, санау»; *affetmek* / *bağışlamak* «кешіру»; *hissetmek* / *sezmek* «сезу»; *massetmek* / *emmek* «ему, сору»; *reddetmek* / *kabul etmemek* «қабылдамау»; *şakketmek* / *yarmak, parçalamak* «жару, бөлу»; *zammetmek* / *katmak* «қосу, үстеу»; *zemmetmek* / *kınamak, kötölemek* «жазғыру, сөгу»; *bahsetmek* / *söylemek, konuşmak* «айту, баяндау». Яғни тілде сол мағынаны білдіретін сөз бола тұра басқа тілдегі олардың баламаларын қолдану дәстүрге айналап отырған.

Осы айтылғандардан басқа Османлы түрік тілі кезеңінде арабша, парсыша матаса байланысқан зат есімді сөз тіркестері, сын есімді сөз тіркестері өте жиі қолданысқа еніп отырған. Мысалы: *reis-i aile* / *aile reisi* «үй иесі, отағасы», *ihtiyac-ı şedid* / *şiddetli ihtiyaç* «аса мұқтаждық» және т.б.

Соңғы кезеңдерде көбінесе Батыс тілдерінен, әсіресе француз тілінен енген сөздер қолданылуда. Оны төмендегі пікірден байқауға болады:

“*Türkçemizin yabancı kelimelerle istila etmesine, kamburlaşmasına, çirkinleşmesine, yabancılaşmasına tahammül edemeyen Arif Nihat Asya, “Türkçe” başlıklı yazısında üzüntüsünü şöyle ifade ediyor. Diyor ki* (қаз.: Тіліміздің құрамына шетелдік сөздердің көптеп енуіне, бұзылуына, шұбарлануына шыдай алмаған Ариф Нихат Асия «Түрікше» атты мақаласында ренішін былайша білдіреді):

“*Alabros* (Fr.тік қиылған еркек шашы), *al-agarson* (Fr.қысқа қиылған әйел шашы), ...*ondüle* (Fr. бұйра, адыр-бұдырлы.), ... *şampuan* (İng. шампунь), *briyantın* (Fr. шашты жылтырату үшін жағылатын жағымды иісмай), ... *bigudi* (Fr. бигуди) vs.”

BunlarberberlerinvesaçmeraklılarınınTürkçesi. (Бұлар шаштараздар мен шаш сән құмарларының кәсіби сөздері.)

“*Kontak* (Fr. 1. Түйісу, жалғасу, қосылу. 2. Жалғасу, байланысу. *kontak kurmak* байланыс құру), *priz* (Fr. Штепсель, розетка.), *duy* (Fr. Электр патроны.), *parazit* (Fr. Радиодағы дауысқа кедергі келтіретін дыбыс, қыжырты.), *bobin* (Fr. 1. Катушка; бобина, барабан. 2. Фотоленка орамы, катушкасы.), *anten* (Fr. Антенна), *oparlör* (Fr. дауыс ұлғайтқыш)...”

Elektrikçilerin Türkçesi. (Электромонтер, электротехниктердің кәсіби сөздері.)

“*Parafe* (Fr.қысқаша қол қойылған), *ataşe* (Fr. атташе), ..., *ekselans* (Fr. Мәртебелі - жоғары қызметтегі шетел мырзаларына берілетін атақ.), *majeste* (Fr. Ақ патша, патшам!), *antant* (Fr. келіссөз), *pakt* (Fr. пакт, шарт, келісім.), *ultima-tom* (Fr. ультиматум, үзілді-кесілді талап.), *referandum* (Lat. референдум.), *memorandum* (Lat. меморандум.) vs.”

Bu da siyasetçilerin Türkçesi. (Бұл – саясатшылардың тілі.)

“*Piknik* (Fr. Серуен — қала сыртына шығып дем алу.), *suare* (Fr. Ақşam yemeğinden sonra yapılan eğlence, toplantı), *kavalye* (Fr. кавалер.), *dam* (Fr. 1. Дама—биде ер адамның серігі. 2. Дама (карта ойынында), ..., *angaje* (Fr. ауызша немесе жазбаша уәде), *gardenpartı* (Fr. саябақта ұйымдастырылған кешке шақыру), ... vs.”

Eğlence alemlerinin Türkçesi. (Сауық-сайран құрушылардың түрікшесі.)

“*Firma* (İt. tic. фирма.), *kalite* (Ar. сапа), *fiş* (Fr. Талон, марка – ақша орнына жүретін жетон т.б.), *prim* (Fr. марапат), *standart* (İng. стандарт), *patent* (İng. Патент, өнертабысқа берілетін куәлік қағаз.), *limited* (İng. Шек қойылған, шектелген.), *enflasyon* (Fr. 1. Инфляция – айналымдағы қағаз ақшаның шамадан тыс көбейіп кетіп

құнсыздануы.), *deflasyon* (Fr. дефляция), *eşantiyon* (Fr. үлгі, түр) vs.”

Maliye ve ticaret adamlarının Türkçesi. (Қаржы-қаражат және сауда-саттық қызметкерлерінің кәсіби сөздері.)

“*Doçent* (Alm. доцент), *laborant* (Alm. лаборант.), *asistan* (Fr. ассистент, ғылыми қызметкер), *dekan* (Alm. декан), *brans* (Fr. сала, тармақ, тарау), *ordinariyüs* (Lat. esk. жоғары оқытушылық атақ), *kurs* (Fr. курс.), *burs* (Fr. шәкіртақы), *paralel* (Fr. параллель), *terim* (Lat. термин) vs.”

Bunlar da boy boy tahsil kurumlarının Türkçesi. (Бұлар да жеке-жеке білім ұйымдарының терминдері.)

“*Sinyal* (Fr. белгі, сигнал), *marşandiz* (Fr. жүк пойызы, эшелон), *rötar* (Fr. Кешігу, кідіру, тұрып қалу.), *rampa* (İt. платформа), *alarm* (Fr. дабыл), *bagaj* (Fr. багаж, жолаушы жүгі, қол жүгі), *tender* (İng. Тендер - паравозға тіркелген отын, су таситын вагон.), *restoran* (Fr. мейрамхана), *peron* (Fr. перрон; платформа), *vagon* (İng. вагон.), *gişe* (касса), *büfe* (Fr. буфет), *ray* (İng. рельс, теміржол, рельсті жол.) vs.”

Şimendifercilerin Türkçesi (Теміржолшылардың кәсіби сөздері.)

“*Vites* (Fr. жылдамдық), *egzoz* (İng. пайдаланылған газдың шығуы), *karoser* (Fr. шанақ, автомобиль кузовы), *taksi* (Fr. такси), *klakson* (Fr. мотоцикл және автомобиль сигналы), *direksiyon* (Fr. машина, кеме т.б. руль, тұтқа.), *patinaj* (Fr. Машинаның тұрып қалуы.), *viraj* (Fr. Бұрылу, бұрылып айналу.) vs.”

Şoförlerin Türkçesi. (Жүргізушілердің кәсіби сөздері.)

“*Hal* (Fr. төбесі жабық базар), *parcel* (Fr. жер учаскесі), *trotuvar*, *bulvar* (Fr. бульвар), *kanalizasyon* (Fr. канализация.), *rasaj* (Fr. пассаж – дүкендер қатары) vs.”

Şehircilik ve belediyeçilik Türkçesi. (Қала және әкімшілік қызметкерлерінің кәсіби сөздері.)

“*Vale* (Fr. карта ойынында валет, балта), *dam* (карта ойынында дама), *seans* (Fr. сеанс), *pas* (İng. карта ойынында пас, қалыс қалу) vs.”

Poker masalarının Türkçesi. (Карта ойынына қатысты сөздер.)

“*Pansuman* (Fr. Таңу, орау, байлау: *pansuman uarmak* - жараны таңу.), *kompres* (Fr. *tıp* компресс.), *kriz* (Fr. дағдарыс, күйзеліс, тығырыққа тірелушілік), *doz* (Fr. доза-дәрінің бір ішім, бірсалым мөлшері.), *tüberküloz* (Fr. *tıp* туберкулез.), *izolasyon* (Fr. изоляция, айыру, жекелеу), *konsültasyon* (Fr. *tıp* консультация, кеңес), *klinik* (Fr. *tıp* клиника), *poliklinik* (Fr. емхана, поликлиника), *reçete* (İt. рецепт) vs.”

Hekimlerin, eczacıların, hastabakıcıların Türkçesi. (Дәрігер, дәріханашы және науқасқа қараушылардың кәсіби сөздері.)

“*Platform* (Fr. платформа), *teras* (Fr. терасса), *veranda* (Fr. веранда, дәліз), *gardırop* (Fr. гардероб - киім ілетін шкаф), *priz* (Fr. штепсель, розетка), *etajer* (Fr. үлдірік, этажерка), *konfor* (Fr. жақсы жабдықталғандық, ыңғайлылық, қолайлылық), *möble* (Fr. жиһаз), *şömine* (Fr. камин - тік мұржалы, алды ашық пеш), *antre* (Fr. кіру есігі: *antre iicreti* - кіру ақысы), *vazo* (İt. ваза), *biblo* (Fr. сәндік бұйым), *lavabo* (Lat. қол жуғыш, раковина) vs.”

Modern evlerle bahçelerin Türkçesi. (Қазіргі заманғы үй іші лексикасы.)

“*Profesyonel* (Fr. кәсіпқой), *amatör* (Fr. әуесқой), *lig* (Fr. лига, кәсіпқой футболкомандасы), *fikstür* (İng. жарыстың нақты уақыты мен кезегін көрсететін тәртіп), *final* (Fr. sp. финал), *rövanş* (Fr. реванш, қарымтақайтару), *ruan* (Fr. ұпай), *alpinizm* (Fr. альпинизм - тауға өрмелеу өнері), *kort* (Fr. теннис алаңы, корт), *trampelen* (Fr. трамплин), *pist* (Fr. sp. стадионда, бассейнде т.б. жүгіретін, жүзетін жол), *stad* (Lat. стадион), *stadyum* (Lat. стадион), *hipodrom* (Yun. esk. ипподром - ат бәйгесі алаңы), *raund* (İng. раунт), *nakavt* (İng. sp. нокаут) vs.”

Sporcuların Türkçesi. (Спортшылардың терминдері.)

“*Kamera* (Fr. камера), *ekran* (Fr. экран), *artistik* (Fr. артисттік), *rötüş* (Fr. суреттерді өңдеу, суреттерді түзету), *enstantane* (Fr. фотоға тез түсіріп алу), *roz* (Fr. аппаратқа түсіру уақыты), *pozitif* (Fr. оң, дұрыс, жағымды, болымды), *negatif* (Fr. теріс, қате, жағымсыз, болымсыз) vs.”

Fotoğrafçıların Türkçesi. (Фотосуретшілердің кәсіби сөздері.)

Танзиматпен бірге түрік тіліне ене бастаған осы кірме сөздер шамамен 100-150 жыл бойы қолданылып келе жатыр. [4, 239-241 б.].

Осындай кірме сөздер легінен жалыққан, өз тілінің болашағын ойлаған халық тілді оңайлатуға (*sadeleştirme*), түріктендіруге (*Türkçeleştirme*), алда өсіп келе жатқан жаңа буын, жас ұрпақ үшін тілді де заманына сай қолдануға (*muasırlaşma*) ниеттенеді, талпынады, ана тілін кірме сөздерден тазартқысы, өз ана тілінде таза сөйлегісі келеді. Бұл ойлары айтқан сөздерінде де, жазған шығармаларында да көрініс тауып отырады. Мысалы:

Arapça isteyen Urban'a gitsin (Араб тілін қалағандар Урбанға /бедуин/ барсын.)

Acemce isteyen İran'a gitsin (Парсы тілін қалағандар Иранға барсын.)

Frengiler Frengistan'a gitsin (Француздар Францияға барсын.)

Ki biz Türk'üz, bize Türki gerektir. (Біз – түрікпіз, бізге түрік тілі керек.)
[5, 53 б.]

Сонымен қазіргі түрік тілінің сөздік құрамынан түбір күйінде (*kelime kökeni ile ilgili*) араб (*Arapça: 6463*), француз (*Fransızca: 4974*), парсы (*Farsça: 1374*), итальян (*İtalyanca: 632*), ағылшын (*İngilizce: 538*), грек (*Yunanca: 399*), латын (*Latince: 147*), неміс (*Almanca: 85*), орыс (*Rusça: 40*), испан (*İspanyolca: 36*), славян (*Slav-*

ca: 24), армян (*Ermenice: 23*), венгр (*Macarca: 19*), моңғол (*Moğolca: 13*), көне еврей (*İbraniçe: 9*), болгар (*Bulgarca: 8*), жапон (*Japonya: 7*), португал (*Portekizce: 4*), финн (*Fince: 2*), норвеж (*Norveç: 2*), албан (*Arnavutça: 1*), корей (*Korece: 1*) тілдерінен 14 801 сөз орын алады.[6, 251 б.].

*Ülkesini, [yüksek](#) istiklalini
korumasını bilen [Türk](#) milleti dilini de
yabancı dillerin boyunduruğundan kurtarmalıdır.
Gazi Mustafa Kemal Atatürk*

References

1. Aksan D. Türkçenin Sözcük Bilgisi.- Ankara, 1996.
2. Ergin M. Türk Dil Bilgisi.- İstanbul, 1993.
3. Banarlı N.S. Türkçenin Sırları. – İstanbul, 2012.
4. Bakiler Y.B. Sözlük Doğrusu 2. – İstanbul, 2011.
5. Çatıkkaş A. Örnekli ve Uygulamalı Türk Dili Kılavuzu. – İstanbul, 2001.
6. Günay V.D. Sözcük Bilime Giriş. – İstanbul, 2007.

Конкабаева Н.Н.
**Ономастикалық кеңістік:
Ат-Тухфа Аз-Закия Фил-Лугат
Ат-Түркийя**

Мақалада «Китаб ат-Тухфат-уз-закийя фил-лугат-ит-туркийя» («Түркі тіліне бағалы сыйлық») атты ортағасырлық ескерткіштегі ономастикалық бірліктер қарастырылады. Қолжазбадан 112-ке жуық ономастикалық бірліктер жинастырылып, арабша-қыпшақша нұсқасымен қатар, қазақша аудармасы да беріледі. Бірліктер ономастикалық кеңістіктің әр тобына жеке-жеке топтастырылады. Автор тарапынан тіл бірліктеріне ғылыми анализ жасалынып, онимдердің әр түріне сипаттама беріледі. Алғаш рет өзіндік, авторлық пайымдаулар мен дәлелдер келтіріп, тұжырымдама жасауға талпыныс жасалынады.

Түйін сөздер: ономастика, реалий, зооним, ортағасырлық ескерткіш, қыпшақ тілі, фитоним.

Konkabayeva N.N.
Onomastic space: At-Tuhfa Az-Zakia Fil-Lugat Al-Turki

The article discusses the onomastic units, that had given in medieval monument "Kitab al-Tuhfat-uz-zakiyya fil-lugat-it-turkiyya" ("The precious gift of Turkic languages").

Key words: onomastics, realities, zoonims, medieval monument, Kipchak language, fitonyms.

Конкабаева Н.Н.
**Ономастическое
пространство: Ат-Тухфа Аз-
Закия Фил-Лугат Ат-Туркия**

В статье рассматриваются ономастические единицы в средневековом памятнике «Китаб ат-Тухфат-уз-закийя фил-лугат-ит-туркийя» («Драгоценный подарок тюркскому языку»).

Ключевые слова: ономастика, реалий, зооним, средневековый памятник, кыпчакский язык, фитоним.